

"Ауыл шаруашылығы өсімдіктерін сұрыптық сынақтан өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 2 шілдедегі № 4-2/602 бүйрүгіне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2024 жылғы 23 желтоқсандағы № 408 бүйрүгі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 24 желтоқсанда № 35508 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бүйрүктың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Ауыл шаруашылығы өсімдіктерін сұрыптық сынақтан өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 2 шілдедегі № 4-2/602 бүйрүгіне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11879 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бүйрүкпен бекітілген Ауыл шаруашылығы өсімдіктерін сұрыптық сынақтан өткізу қағидаларында:

3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Сұрыптық сынақтан өткізуге арналған тұқымдық және отырғызу материалының үлгісі өткен жылғы не ағымдағы жылғы өнімнен іріктеледі және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2004 жылғы 23 тамыздағы № 453 бүйрүгімен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3080 болып тіркелген) бекітілген тұқымға арналған құжаттаманың нысандары бойынша ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқымдарына арналған атtestat немесе куәлік қоса беріледі.

4. Сұрыптық сынақтан өткізу үшін Қазақстан Республикасына әкелінетін тұқымдық және отырғызу материалының үлгісіне Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 29 маусымдағы № 15-08/590 бүйрүгімен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12032 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының аумағын карантиндік объектілерден және бөтен текті түрлерден қорғау жөніндегі қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша фитосанитариялық сертификат және сұрыптық және егістік сапаларын растайтын құжаттар бірге жүреді.";

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Егер өтінім жасалған күнге дейін белгілі бір селекциялық жетістіктің тұқымы немесе басқа да отырғызылатын материалы мына аумакта:

1) Қазақстан Республикасында – өтінім берілген күнге дейін бір жыл бұрын;

2) кез келген басқа мемлекетте - өтінім берілген күнге дейін бір жылдық дақылдар бойынша төрт жыл бұрын және көп жылдық дақылдар бойынша алты жыл бұрын сатылmasа және автор немесе оның құқықтық мирасқоры селекциялық жетістіктің тұқымын немесе басқа да отырғызылатын материалын пайдалану үшін басқа адамдарға бермесе, сұрып жаңа деп есептеледі.

Егер, өтінім берілген сұрыптың жаңалығын сараптау нәтижесінде сұрыптың жаңалық өлшемшартына сәйкес еместігі анықталса, Мемлекеттік комиссия сәйкессіздік анықталған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өсімдік шаруашылығындағы селекциялық жетістікке патент беруден бас тарту туралы қорытынды (бұдан әрі – патент беруден бас тарту туралы қорытынды) жасайды және оны сараптама үйіміна жолдайды.";

24 және 25-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"24. Зертханалық сынақтың теріс нәтижелері (өтінім беруші ұсынған селекциялық жетістік сауалнамасында көрсетілген белгілерге сәйкессіздігі және морфология мен электрофоретикалық спектрдің белоктық формуласы бойынша анық көрінетін ерекше белгілердің болмауы) анықталған кезде Мемлекеттік комиссия 5 (бес) жұмыс күні ішінде сараптама үйіміна патент беруден бас тарту туралы қорытындыны жолдайды.

25. Зертханалық сынақтың оң нәтижелері алынған кезде Мемлекеттік комиссия 5 (бес) жұмыс күні ішінде ерекшелікке, біртектілікке және тұрақтылыққа танаптық сынақтарды жалғастыру туралы шешім қабылдайды.";

31 және 32-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"31. Егер, Мемлекеттік комиссия жүргізген патент қабілеттілігін сараптау және сынау нәтижесінде өтінім берілген сұрыптың патент қабілеттілігі шарттарына сәйкестігі анықталса, Мемлекеттік комиссия осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес сұрып сипаттамасын, осы Қағидаларға 4-қосымша сәйкес сұрыптың патент қабілеттілігі туралы қорытындыны жасайды және оларды 5 (бес) жұмыс күні ішінде екі данада сараптама үйіміна жолдайды.

32. Мемлекеттік комиссия өтінім берілген сұрыптың жаңалық, ерекшелік, біртектілік және тұрақтылық өлшемшарттарының біреуіне сәйкессіздігін анықтаған кезде, Мемлекеттік комиссия патент беруден бас тарту туралы қорытынды жасайды және 5 (бес) жұмыс күні ішінде оны екі данада сараптама үйіміна жолдайды.";

38-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"38. "Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің шаруашылыққа жарамдылығын мемлекеттік сынау" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) осы Қағидаларға 6-қосымшада жазылған.";

6-қосымша осы бүйрекқа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Егіншілік департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінде интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін осы бұйрықтың 1-тармағының үшінші, төртінші және бесінші абзацтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы

министрінің міндетін атқарушы

A. Султанов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Әділет министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Цифрлық даму, инновациялар және

аэрофарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы

министрінің міндетін атқарушы

2024 жылғы 23 желтоқсандағы

№ 408 бұйрығына

қосымша

Ауыл шаруашылығы

өсімдіктерін сұрыптық сынақтан

өткізу қағидаларына

6-қосымша

"Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің шаруашылыққа жарамдылығын мемлекеттік сынау" мемлекеттік қызметтің көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	1) Ауыл шаруашылығы дақылдарын сортық сынау жөніндегі мемлекеттік комиссиясының (бұдан әрі – Мемлекеттік комиссия) кеңесі;

		2) "электрондық үкіметтің" www.gov.kz веб-порталы (бұдан әрі – веб-портал).
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Мемлекеттік сынақтың деректері бойынша сұрыптың шаруашылықта жарамдылығын мемлекеттік сынау танаптық тәжірибелер отырғызылған күннен бастап мынадай мерзімдерде жүргізіледі: дәнді, дәнді-бұршакты, жарма, майлы, техникалық, иіру, бір жылдық азықтық, көкөніс, бақша дақылдары, гүлді-сәндік дақылдар және картоп бойынша – кемінде екі вегетациялық кезең; көп жылдық шептер бойынша – пайдаланудың кемінде екі циклі; жеміс, жидек дақылдары мен жүзім бойынша – кемінде екі шаруашылық түсім.
4	Мемлекеттік қызмет көрсету түрі	Электрондық (ішінара автоматтандырылған) немесе қағаз түрінде.
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Мемлекеттік қызмет көрсету туралы хабарлама не мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бастарту. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық немесе қағаз түрінде.
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызмет алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін
		1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін; 2) веб-портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті

	<p>Көрсетілетін қызметті беруші мен ақпарат объектілерінің жұмыс графигі</p>	<p>алушы Қазақстан Республикасының еңбек заннамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке құндері жүгінген кезде өтінімді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).</p> <p>Белгіленген жұмыс уақытының үзактығынан тыс өтінімді қабылдауды және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беруді көрсетілетін қызметті беруші жұмыс уақытының графигіне сәйкес белгілейді.</p> <p>Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек тәртібімен көрсетіледі.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары мына интернет-ресурста орналастырылған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Мемлекеттік комиссияның – www.gcomsort.kz; 2) көрсетілетін қызметті беруші – www.gov.kz.
		<p>Көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) осы Тізбеке қосымшага сәйкес нысан бойынша селекциялық жетістікті шаруашылық пайдалылығына мемлекеттік сынауга арналған өтінім; 2) селекциялық жетістіктің сауалнамасы (тиісті дақылға арналған нысан бойынша); 3) тиісті тектері мен түрлері үшін селекциялық жетістіктің сипаттамасы; 4) гүлдердін, гүл шоғырларының, есімдіктердің репродуктивтік бөліктерінің және шаруашылықта пайдалану фазасында қалыпты дамыған өсімдіктің сұрып атауы (егер аты айқындалмаса, онда селекциялық номірі көрсетіледі) көрсетілген масштабты сыйғышы бар фотографиялары; 5) өтінім беруге құқықты растайтын құжат (құқықтық

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

мираскорлар және делдалдар үшін);

6) сынаққа берілетін сұрыпта генетикалық түрлендірілген объектілердің жоқ екендігі туралы құжат не генетикалық түрлендірілген объектілердің құрамына жүргізілген сараптама нәтижелері (шетелдік селекциядағы сұрыптар үшін).

Веб-порталға жүгінген кезде:

1) көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанындағы осы Тізбеге қосымш аға сәйкес нысан бойынша селекциялық жетістікті шаруашылықта пайдалылығына мемлекеттік сынауға арналған өтінім;

2) селекциялық жетістік сауалнамасының электрондық көшірмесі (тиісті дақылға арналған нысан бойынша);

3) тиісті тектер мен түрлер үшін селекциялық жетістік сипаттамасының электрондық көшірмесі;

4) электрондық форматта гүлдердің, гүл шоғырларының, өсімдіктердің репродуктивтік бөліктерінің және шаруашылықта пайдалану фазасында қалыпты дамыған өсімдіктің сұрып атауы (егер аты айқындалмаса, онда селекциялық нөмірі көрсетіледі) көрсетілген масштабты сыйзыши бар фотографиялары;

5) өтінім беру құқығын растайтын құжаттың электрондық көшірмесі (құқықтық мираскорлар мен делдалдар үшін);

6) сынаққа берілетін сұрыпта генетикалық түрлендірілген объектілердің жоқ екендігі туралы құжаттың электрондық көшірмесі не генетикалық түрлендірілген объектілердің құрамына жүргізілген сараптама нәтижелері (шетелдік селекциядағы сұрыптар үшін).

Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат

	<p>туралы, заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді, дара кәсіпкер ретінде қызметтің басталғаны туралы хабарламаны көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады. Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алынуы мүмкін құжаттарды талап етуге жол берілмейді.</p>
9	<p>Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер</p> <p>1) көрсетілетін қызметті алушының сұрыпты сынақтан өткізу үшін ұсынған құжаттарының және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) ұсынылған материалдардың, сұрыпты сынақтан өткізу үшін қажетті деректер мен мәліметтердің Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 2 шілдедегі № 4-2/602 бүйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11879 тіркелген) бекітілген Ауыл шаруашылығы өсімдіктерін сұрыптық сынақтан өткізу қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;</p> <p>3) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды корғау туралы" Қазақстан Республикасы Занының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы.</p>
	<p>Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦК-сы болған жағдайда, мемлекеттік қызметті веб-портал арқылы электрондық нысанда алу мүмкіндігі бар және "жеке кабинеті" арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызметті көрсету</p>

10

Мемлекеттік қызмет көрсетудің, оның ішінде электрондық нысандар көрсетілетін қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар	мәртебесі туралы ақпаратты алу мүмкіндігі бар. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары веб-порталда орналастырылған. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы 1414, 8 800 080 7777.
--	---

"Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің шаруашылыққа жарамдалығын мемлекеттік сынау" мемлекеттік қызметтің көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне

қосымша

Нысан

Казақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ауыл шаруашылығы дақылдарын сортың сынау жөніндегі мемлекеттік комиссиясы (010000, Астана қаласы, Абай даңғылы, 13-үй, "Іскер " бизнес орталығы, 11-қабат, 1111-кабинет)

Өтінім номірі

--	--	--	--	--

Тіркелген күні

--	--	--	--	--

Селекциялық жетістікті шаруашылыққа пайдалылығына мемлекеттік сынауға арналған өтінім

Өтініш беруші(лер) _____

(жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, занды тұлғаның атауы және мекенжайы)

Азаматтығы _____

Почталық мекенжайы _____

Телефоны _____ Электрондық мекенжайы _____

Селекциялық жетістік оригиналорының(ларының) атауы(лары) және қатысу үлесі, %

Тегі, түрі (қазакша атауы) _____

Тегі, түрі (орысша атауы) _____

Тегі, түрі (латынша атауы) _____

Ұсынылып отырған атауы _____

Селекциялық номірі _____

Автор(лар) (егер автор(лар) өтініш беруші(лер) болып табылмаса

Тегі	Аты	Әкесінің аты (бар болса)	Үйінің мекенжайы	Қатысу үлесі, %
------	-----	--------------------------	------------------	-----------------

Мендері (біздегі) бар ақпарат бойынша басқа авторлары жоқ

Алдыңғы өтінімдер	Тіркелген елі	Отінім номірі	Кезеңі	Кандай атаумен
Корғауға беруге				

Мен (біз) бірінші өтінімде берілген материал осы сұрыпты білдіретінін және осы өтінімге сәйкес келетінін мәлімдеймін(міз).

Оригинатор ұсынып отырған сынау (пайдалану) салалары

Мен (біз) селекциялық жетістіктің шаруашылыққа жарамдылығына мемлекеттік сынақ жүргізуі өтінемін(міз).

Мен (біз) менде (бізде) бар мәліметтер бойынша өтінімді қарауға қажетті және осы өтінім мен қосымшаға енгізілген ақпарат түпкілікті және дұрыс екендігін мәлімдеймін (міз).

Мен (біз) ұлгілердің тиісінше алынғандығын және сұрыптың репрезентативті іріктелгенін көрсететінін раставмын (мыз).

Мен (біз) Мемлекеттік комиссияның нарядтары бойынша шаруашылыққа жарамдылығына сынау жүргізу үшін тұқымның қажетті мөлшерін, сондай-ақ сақтауға сұрыптың эталондық ұлгісін өтеусіз беруге міндеттенемін (міз).

Өтініш берушінің (берушілердің) қолы (қолдары)
